



**Автор:** Маханалина Багдагул Разакбергеновна  
**Пән:** Қазақ тілі (Т1)  
**Сынып:** 5-сынып  
**Бөлім:** Тіл және қарым-қатынас  
**Тақырып:** Тіл және сөйлеу

Оқу мақсаттары	Тірек сөздер мен ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжау; Әртүрлі жанрдағы мәтінді талдау.
Сабақ мақсаттары	<b>Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:</b> Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды. Жазба жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Тірек сөздер мен ұсынылған суреттер арқылы тақырыпты болжап бере алады, тақырып мазмұнын түсінеді. <b>Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:</b> Топтық жұмысты брлесе орындайды.Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді. Қосымша үлестірме ресурстармен жұмыс жасайды. <b>Оқушылардың кейбіреуі мынаны орындай алады:</b> Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды. Әртүрлі жанрдағы мәтінді талдай алады, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийі	Сұраққа жауап береді, жауаптарын дәлелдейді. Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Тілдік құзіреттілік	Сөз, сөйлеу мәдениеті, тіл байлығы, ана тілі, тілдік құзіреттілік, сөз құдіреті, жанрлар.
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.

### Сабақ барысы


Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

Сабақтың басы  
(8 минут)

Ұйымдастыру кезеңі

**Топтарға бөлу.** Гүл суреттері бойынша бөліну.

Оқушыларға сурет киішділарын беремін. Сурет киішділарын құрастырғанда  
Page not found of type unknown found of type unknown found of type unknown  
раушан, тұңғиық, түптедақ гүлдерінің суреттебі шығуы керек.



Психологиялық ахуал қалыптастыру

«Жіптік құбыр» тренинг

Оқушыларға түзу қағаз беріледі. Оны екіге бүктейміз. Арасын сваркалап жалғағанда  
ұзын құбыр шығу керек. Шарикті жіберемін. Шарик құбыр бойымен жылжыйды..

Сабақтың ортасы  
(22 минут)

*Білу және түсіну*

«Қар кесегі» әдісі (Қозғалуға және араласуға ыңғайлы болу үшін үлкен кеңістік қажет. Немесе оқушылар парталардың айналасына топтар құрып, тиісінше орындықтарды қозғалта алады.

**Жаттығудың сипаттамасы:**

Біріншіден, оқушылар жеке жауап берулері керек. Кейін жұп ақылдасып, олардың жауабын бір жауап етіп үйлестіреді. Кейін жұптар басқа жұптармен бірігіп, үдерісті қайталайды. Осылайша төрт, бес, алты жауап бір жауап болып біріктіріледі.)

**Ортақ сұрақтар:**

Берілген тірек сөздерді оқып, сөйлемдер құрап көріңдер.

Сөз, сөйлеу мәдениеті, тіл байлығы, ана тілі, тілдік құзиреттілік, сөз құдіреті.

*Қолдану*

Берілген мәтіндерді балалар оқып алады.

**Топтарға тапсырма:**

**1-топ:** Раушан ОҚЫЛЫМ АЛДЫНДА Венн диаграммасы


**2-топ:** Тұңғыш ОҚЫЛЫМ БАРЫСЫ

Тіл екі түрде қызмет етеді. Бірі — сөйлеу тілі, екіншісі — жазба тіл. Сөйлеу тілі мен жазба тілдің бір-бірінен үлкен-үлкен айырмашылықтары бар. Сөйлеу тілі. бетпе-бет сөйлеу арқылы жүзеге асады. Сондықтан ол көбше диалог түрінде өтеді. Ал жазбатіл — әр түрлі жазба әдебиеттердің тілі. Ол — қолма-қол оқуға да, келесі ұрпақтардың оқып үйренуіне де, білуіне де арналатын мәңгілік мұра. Сөйлеу тілі тікелей бетпе-бет сөйлесу арқылы және сұрақ-жауап, түсіндіру негізінде көрінетіндіктен, сөйлем құрамы да ерекше болады. Онда дауыс ырғағы (интонация), ым, ишара, бет, қол қозғалыстары да белгілі мәнде жұмсалады. Жазба тілде ойды жеткізуге себін тигізетін ондай қосалқы әдістер болмайтындықтан, сөйлем ойды нақты да толық білдіре алатындай жүйелі әрі түсінікті етіліп құрылады. Тілдің қызметі мен ойдың айтылу мақсатына қарай сөйлем құрауда соған сәйкес сөздер, грамматикалық тұлғалар, тіркестер сұрыпталып, талданып қолданылады. Ал ойдың әсерлі, көркем болуы, тыңдаушысын, оқушысын баурап әкетуі тілде сөздердің орынды қолданылуына, көркемдегін, бейнелеуіш құралдардың сәтті жұмсалыуына тікелей байланысты. Әркімнің сөз қолдану ерекшеліктері әр түрлі болады. Көсіліп сөйлейтін көсем де, таңдайынан бал тамған, тыңдаушысын тамсандыратын шешендер де сөйлегенде сөзді сұрыптап қолданады, сол арқылы ойын дәл де әсерлі жеткізеді. Оқушының сезіміне әсер ету үшін сөздер бейнелі мағынада, астарлы түрде, көркем мәнде қолданылады.

**3-топ:** Түймедақ ОҚЫЛЫМНАН КЕЙІН

«Маңыздылық» кестесі Сөйлеу сапасына қандай нәрселер кері әсерін тигізеді?

Image not found or type unknown




*Талдау*

«Ыстық орындық» әдісі (Бір оқушы алдыңғы жақта, орындықтар оны айнала қоршай орналастырылады.

Сабақтың соңы  
(10 минут)

Синтез «**Ойлан - жұптас - бөліс**» әдісі  
Оқулықтағы жаттығуларды орындау

Image not found or type unknown



*Шығармашылыққа тапсырма:*

**1-топ:** Раушан Хабарландыру мәтінін құрастыру

**2-топ:** Тұңғыық Досыңа арнап хат жаз

**3-топ:** Түймедақ Шақыру қағазын жасаңдар

**«Шеңбердегі доп»** әдісі

Оқушылар шеңберлене отырып, бір-біріне кішкене допты лақтырады. Доп қолына тиген оқушы жаңа білім туралы бір сөйлем айтады.

*Кері байланыс:* **«Сабақтағы проблемалар»** кестесі